

«КЕЛІСЕМІН»

Қожа Ахмет Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік
университетінің І-Вице-президенті
М.Куталмыш
« 22 » 06 2018 ж.



«БЕКІТЕМІН»

Қожа Ахмет Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік
университетінің президенті
В.С.Абдрасилов
« 22 » 08 2018 ж.

САПА МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІ

УНИВЕРСИТЕТ ЕРЕЖЕСІ

УЕ-ХҚТУ-068-2018

ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІНЕ СТУДЕНТТЕРДІ ҚАБЫЛДАУ ЕРЕЖЕСІ

АЛҒЫ СӨЗ

1. Қабылдау комиссиясы тарапынан ӘЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ
2. Әзірлеген - Қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы Е.Төлегенов
3. Келісілді - Оқу-әдістемелік ісі бойынша вице-президент Н.Ажиханов
- Аккредитация және рейтинг орталығының басшысы Ж.Дариханов
- Құқық бөлімінің басшысы А.Абсеметов
4. Енгізілді - 2018
5. Тексеру мерзімі - 2019

Қызметтік қолданыс үшін басылым

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-068-2018
Сапа менеджмент жүйесі	Университет ережесі	
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетіне студенттерді қабылдау ережесі		14 беттің 2 – ші беті

Мазмұны

1. Қолданылу саласы _____	3
2. Нормативтік сілтемелер _____	3
3. Атаулар, анықтамалар және қысқартулар _____	3
4. Жауапкершілік _____	4
5. Жалпы ережелер _____	4
5.1. Грант иегерлерін қабылдау _____	4
5.2. Ахмет Ясауи университеті грантына студент қабылдауға қатысты тәртіптер мен негіздер _____	4
6. Студент қатарына қабылдау _____	6
7. Шетел азаматтарын студент қатарына қабылдау _____	6
8. Қашықтықтан білім беру технологиясы бойынша қысқартылған және жедел білім беру бағдарламаларына сырттай оқу түріне қабылдау _____	7
9. Сұхбаттасу емтиханын өткізу ережесі _____	7
8. Келісу, сақтау және тарату _____	8
Қосымша-1 _____	9
Қосымша-2 _____	11
Қосымша-3 _____	12
Қосымша А Танысу парағы _____	13
Қосымша Б Өзгерістерді тіркеу парағы _____	14

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-068-2018
Сапа менеджмент жүйесі	Университет ережесі	
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетіне студенттерді қабылдау ережесі		14 беттің 3 – ші беті

1 ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ

1.1 Осы ереже Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде (одан әрі, Ахмет Ясауи университеті) бакалавр білім беру бағдарламасы мазмұнына, түлектердің алған білімі мен академиялық дәрежесін бағалаудың орындалу тәртібіне қойылатын талаптарды анықтайды.

1.3 Университеттің осы ережесі бакалавр мамандықтарын даярлауда міндетті түрде енгізілуі және орындалуы тиіс.

1.5 Ереже студенттерді қабылдаудың сапасын бағалауда негіз болып табылады.

1.6 УЕ-ХҚТУ-068-2018 Университет ережесі Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті СМЖ құжаттарының құрамына кіреді.

2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

2.1 Осы ережеде келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер жасалынған:

- Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 «Білім туралы» Заңы;
- Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 19 қаңтардағы № 111 Қаулысы;

- Жоғары білім алуға ақы төлеу үшін білім беру грантын беру ережесін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 23 қаңтардағы N 58 Қаулысы.

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2010 жылғы 8 ақпандағы №40 сырттай, кешкі нысандарда және экстернат нысанында білім алуға жол берілмейтін кәсіптер мен мамандықтардың тізбесін және Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында экстернат нысанында оқытуға рұқсат беру қағидаларын бекіту туралы бұйрығы;

Қашықтықтан білім беру технологиялар бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 137 бұйрығы;

- Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Өкілетті Кеңес мәжілісінің шешімдері

- ҚП ХҚТУ-4.2.3-2009 Құжаттаманы басқару;

- ҚП ХҚТУ-4.2.4-2009 Жазбаларды басқару;

3 АТАУЛАР, АНЫҚТАМАЛАР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР

3.1 Университеттің осы стандартында төмендегі қысқартулар қолданылады:

Ахмет Ясауи университеті – Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті;

ҚР СТ –Қазақстан Республикасының стандарты;

УС – университет стандарты;

СМЖ – сапа менеджмент жүйесі;

СМЖҚ –СМЖ құжаттары;

АРО – Аккредитация және рейтинг орталығы

ҰБТ – ұлттық бірыңғай тестілеу

КТ – Кешенді тестілеу

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-068-2018
Сапа менеджмент жүйесі	Университет ережесі	
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетіне студенттерді қабылдау ережесі		14 беттің 4 – ші беті

4 ЖАУАПКЕРШІЛІК

4.1 Университеттің осы ережесі Ахмет Ясауи университетінің Сенат мәжілісінде талқыланады.

4.2 Университеттің осы ережесі Ахмет Ясауи университеті президенті – Сенат мәжілісінде төрағасы тарапынан бекітіледі.

4.3 Университеттің осы ережесі талаптарының енгізілуіне Қабылдау комиссиясы жауапты болып табылады.

4.4 Университеттің осы ережесі талаптарының орындалуын қадағалау оқу-әдістемелік ісі жөніндегі вице-президент қадағалайды.

5 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

5.1. Грант иегерлерін қабылдау

5.1.1. Талапкерлерді университетке қабылдауды университет президенті бекіткен Қабылдау комиссиясының құрамы жүзеге асырады.

5.1.2. Мемлекеттік білім грант иегерлері ҚР 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 «Білім туралы» Заңымен, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 19 қаңтардағы №111 қаулысымен бекітілген «Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары» мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 23 қаңтардағы № 58 «Жоғары білім алуға ақы төлеу үшін білім беру грантын беру ережесін бекіту туралы» қаулысы негіздерінде қабылданады.

5.1.3. Түркия Республикасынан және басқа түркі тілдес республикалардан конкурстық жүйемен Қазақстан Республикасы тарапынан бөлінген 200 мемлекеттік грант бойынша тыңдаушылар қабылданады. Түркі дүниесінің талапкерлерін тиісті құжаттарын онлайн арқылы тапсырып, тыңдаушылар қатарына қабылдану үшін түсу емтиханын тапсырады. Түсу емтиханын және қабылдау түрін университет айқындайды.

5.2. Ахмет Ясауи университеті грантына студент қабылдауға қатысты тәртіптер мен негіздері

5.2.1. Түркия Республикасының гранты университеттің Халықаралық статусына сәйкес екі елдің (Қазақстан, Түркия) даму барысында қажетті, бәсекеге қабілетті, білікті мамандар даярлау және осы елдердің тілін, өркениетін өсіруге, әлеуметтік дамуына үлес қосу мақсатында тағайындалды.

5.2.2. Түркия Республикасының гранты Өкілетті кеңестің шешімімен бөлініп, Түркия Республикасы тарапынан қаржыландырылады. Түркия Республикасының гранты Қазақстан Республикасы азаматтарына университетте дайындалатын бакалавр мамандықтарының күндізгі бөлімі үшін бөлінеді.

5.2.3. Түркия Республикасының грантына конкурстық негізде тыңдаушылар қабылдауға қатысты тәртіптер мен негіздер:

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-068-2018
Сапа менеджмент жүйесі	Университет ережесі	
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетіне студенттерді қабылдау ережесі		14 беттің 5 – ші беті

а) Әр оқу жылында «Түркия грантына» қабылданатын контингент саны мен кейбір жеке мамандықтарға бөлінісі Өкілетті кеңес тарапынан анықталады.

б) Конкурса Ұлттық бірыңғай тестілеу мен кешенді тестілеуден «Жалпы медицина» мамандығына 65 ұпай, «Стоматология» мамандығына 50 ұпай, басқа мамандықтарға 50 және одан жоғары ұпай жинаған Қазақстан Республикасының азаматтары қатыса алады.

с) Түркия Республикасының грантына бакалавр мамандықтары бойынша Осы Ереженің 5.2.3. (h) тармағын қоспағанда күндізгі оқу түріне 1 жылдық «Дайындық курсы» арқылы қабылданады.

д) «Дайындық курсына» оқуға қабылдау конкурс негізінде жүзеге асырылады.

е) «Дайындық курсына» іріктеу жұмыстары Ұлттық бірыңғай тестілеу немесе кешенді тестілеу нәтижесі бойынша берілген сертификаттарының ұпайына қарай жүргізіледі. Ұпай саны тең болып, басым құқығы болмаған жағдайда, сондай-ақ аттестаттың, куәліктің немесе дипломның орташа ұпайы бірдей болғанда бірінші бейіндік пән бойынша алған ұпайы, екінші әлеуметтік жағдайы ескеріледі. «Алтын белгі» иегерлері конкурс кезінде ұпайлары бірдей болған кезде ғана ескеріледі. Қайта кешенді тестілеу нәтижесімен Түркия гранты конкурсына қатыса алмайды.

ғ) Қабылданатын талапкерлер үшін «Ұлттық бірыңғай тест» немесе «Кешенді тест» нәтижесі бойынша шектік ұпайы көрсетілген сертификаттардың және басқа да ресми құжаттарының құзырлығы (жарамдылығы) студент қатарына қабылданғанға дейін сақталады.

г) «Дайындық курсына» білім алушылар екі міндетті пән: ағылшын және түрік тілдерін А1 деңгейінен В1 деңгейіне дейін оқиды. Сонымен қатар бекітілген оқу жоспарына сәйкес таңдау пәндері ұсынылады.

h) Түркия грантына Халықаралық Олимпиада жүлдегерлері, Республикалық «Ясауи» пәндік олимпиадасы жүлдегерлері, Республикалық жалпы білім беретін пәндер бойынша олимпиадасының жүлдегерлері және 2015-2016 оқу жылындағы №1 Сенат мәжілісінің 2.6, 2.7 шешімдеріне сәйкес өнер және спорт мамандықтарына қабылданған спортшылар мен өнерпаздар оқу-жаттығу үдерісінің ерекшелігіне байланысты 1-курс студенті қатарына қабылданады.

№	Шифр	Мамандықтар
1.	5B010400	Бастапқы әскери дайындық
2.	5B010600	Музыкалық білім
3.	5B010700	Бейнелеу өнері және сызу
4.	5B010800	Дене шынықтыру және спорт
5.	5B040300	Вокалдық өнер
6.	5B040400	Дәстүрлі музыка өнері
7.	5B040700	Актерлық өнер
8.	5B040900	Хореография
9.	5B041700	Сән өнері

і) Білім алушы жылдың соңындағы бітіру емтиханнан кемінде 50 ұпай алуға міндетті. Қорытынды баға Дайындық курсына оқу үдерісін ұйымдастыру ережесіне сәйкес

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-068-2018
Сапа менеджмент жүйесі	Университет ережесі	
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетіне студенттерді қабылдау ережесі		14 беттің 6 – ші беті

өткізілген аралық бақылаулар, емтихандар және білім алушының үлгерім (белсенділік) бағасы есептелгеннен кейінгі ұпайдың 40%-ы және жылдың соңындағы бітіру емтиханының 60%-ы алынып, орташа бағасы кемінде 50 және одан жоғары ұпай алған білім алушы емтиханды сәтті тапсырған болып есептеледі. Қорытынды емтиханды сәтті тапсыра алмаған немесе емтихан тапсыруға орташа ұпай көрсеткіші жетпей қалған, себепсіз сабаққа немесе емтиханға қатыспаған білім алушыға қосымша ешқандай құқық берілмей оқудан шығарылады.

ж) Бағдарламаны меңгеріп, қорытынды емтиханды сәтті тапсырған білім алушылар 1-курсқа Түркия Республикасының гранты негізінде қабылданып, күндізгі бөлімде, арнайы топтарда білімін жалғастырады.

к) Барлық дәрістер Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің базасында өткізіледі. «Дайындық курсының» тыңдаушылары Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің студенттері қатарына қабылданады және олар университеттің барлық академиялық әлеуметтік және мәдени ресурстарына қол жеткізе алады.

н) Түркия Республикасының грантына қабылданған студенттер тегін оқытылады.

6. Студент қатарына қабылдау тәртібі

6.1. Түркия Республикасының грантына білім алушыларды қабылдау Қабылдау комиссияның шешімімен жүзеге асырылады.

6.2. Комиссия өз жұмысын осы Ережеге сәйкес жүргізеді.

6.3. Комиссия Түркия Республикасының грантына ұсынылған құжаттарды осы Ереженің 5.2.3 тармақшасына сәйкес конкурстық жүйемен өткізеді және студент қатарына қабылдау туралы ұсыныс береді.

6.4. Комиссия осы Ережеде көрсетілген тапсыруға тиісті құжаттары түгел емес және студент қатарына қабылдау талаптарына сәйкес келмейтін талапкерлердің құжаттарын конкурста қарастырмауға құқы бар. Сондай-ақ, комиссия кейбір құжаттардың түп нұсқасын нақтылауды қажет деп тапқан жағдайда, негіздеме құжаттар берілген мекемелерге сұраныс жібере алады.

7. Шетел азаматтарын студент қатарына қабылдау

7.1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы «19» қаңтардағы №111 қаулысымен бекітілген «Жоғары білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгі қағидаларының» 10-тармағына сәйкес шетел азаматтарын ақылы негізде Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетіне қабылдау сұхбаттасу түрінде жүзеге асырылады.

7.2. Түркия Республикасынан Түркия грантына және ақылы негізінде қабылданатын студенттер үшін «Студенттерді іріктеу және орналастыру орталағы» тарапынан өткізілетін іріктеу емтиханы нәтижесінде қабылданады.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХКТУ-068-2018
Сапа менеджмент жүйесі	Университет ережесі	
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетіне студенттерді қабылдау ережесі		14 беттің 7 – ші беті

8. Қашықтықтан білім беру технологиясы бойынша қысқартылған және жедел білім беру бағдарламаларына сырттай оқу түріне қабылдау

8.1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2010 жылғы 8 ақпандағы №40 сырттай, кешкі нысандарда және экстернат нысанында білім алуға жол берілмейтін кәсіптер мен мамандықтардың тізбесін және Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында экстернат нысанында оқытуға рұқсат беру қағидаларын бекіту туралы бұйрығына сәйкес және Қашықтықтан білім беру технологиялар бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 137 бұйрығының 2-тарау 8-тармағына сәйкес келесі категориялардағы білім алушылар сырттай білім алу түрі бойынша қысқартылған және жедел білім беру бағдарламаларына қабылданады.

8.2. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі немесе жоғары білімі бар Қазақстан Республикасының азаматтары жоғары білімнің білім беру бағдарламалары бойынша қысқартылған оқу мерзімімен оқуға қашықтықтан білім беру бағдарламасы бойынша сырттай оқу түріне қабылданады.

8.3. «Орта буын маманы» немесе «қолданбалы бакалавр» біліктілігін алған техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар адамдарды ұқсас мамандықтарға жеделдетілген оқу мерзімімен қысқартылған білім бағдарламалары бойынша жоғары оқу орындарына қабылдау КТ нәтижелері бойынша жүзеге асырылады.

8.4. Жоғары білім саласындағы ұқсас мамандықтар мен техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру мамандықтарының тізбесін білім беру саласындағы уәкілетті орган бекітеді.

8.4. Жоғары оқу орындарына жоғары білімі бар адамдарды ақылы негізде қысқартылған мерзімде оқуға сұхбаттасу негізінде қабылдау жүзеге асырады.

8.5. Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетіне білімгердерді оқу түрі бойынша қабылдау 1-қосымшада берілген.

9. Сұхбаттасу емтиханын өткізу ережесі

9.1. Сұхбаттасу емтиханы шетел азаматтары және жоғары білімі бар, қысқартылған оқу түріне ақылы негізде түсуші талапкерлер үшін жүргізіледі.

9.2. Сұхбаттасу талапкердің кәсіби білімдік бағдарламаларын меңгеру қабілетін анықтау үшін жүргізіледі.

9.3. Сұхбаттасу емтиханын өткізу үшін факультеттің емтихан комиссияларының мүшелері жұмылдырылады. Сұхбаттасу емтиханының комиссия құрамын қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді.

9.4. Сұхбаттасу тәртібі бекітілген нысан бойынша 2-Қосымша сәйкес хаттамамен рәсімделеді.

9.5. Бағалау санмен және жазбалы университет қабылдаған 100 баллдық жүйемен қойылады. Өту баллы 50 балл және одан да жоғары. Сұхбаттасу бойынша әрбір баға сұхбаттасу хаттамасында және жауап беру бетінде қойылып және де емтихан қабылдаушылардың қолдары қойылады.

9.6. Сұхбаттасу хаттамасы университетке оқуға түскен талапкерлердің жеке құжатында сақталады, ал оқуға түспеген талапкерлердің хаттамалары оқуға түсу емтихандары аяқталғаннан кейін бір жылдан кейін жойылады.

9.7. Сұхбаттасу нәтижесі емтихан аяқталғаннан кейін хабарланады.

9.8. Сұхбаттасуды өткізу кестесі декан факультетімен анықталады және қабылдау комиссиясының төрағасымен бекітіледі.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-068-2018
Сапа менеджмент жүйесі	Университет ережесі	
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетіне студенттерді қабылдау ережесі		14 беттің 8 – ші беті

9.9. Сұхбаттасу өткізілетін аудиторияға талапкерлерді оның паспорт немесе жеке басын куәландыратын құжатты және техникалық хатшымен құжаттарды қабылдау туралы колхатты ұсыну негізінде кіргізіледі.

9.10. Сұхбаттасу бойынша талапкердің жауабы 3-Косымшаға сәйкес бекітілген үлгі парақтарына жауабын жазады және ол сұхбаттасу хаттамасына қосылады. Жауап парақтары бірнеше беттерден тұруы мүмкін.

9.11. Сұхбаттасу барысында талапкерлерге:

қандай да бір анықтамалық материалдарды пайдалануға (оқулықтарды, әдістемелік оқу-күралдарын, анықтамалықтарды);

ұялы байланыс құралдарын қолдануға рұқсат етілмейді

Аталған ережелер талапкерге сұхбаттасу өткізу алдында талапкерлерге нұсқаулық жүргізу барысында түсіндіріледі.

Талапкер сұхбаттасу ережелерін бұзған жағдайда түсу емтиха қабылдаушы факультеттің емтихан комиссияларының мүшелері осы ереженің 4-қосымшаға сәйкес талапкерді шығару актісі жасайды.

9.12. Сұхбаттасу барысында талапкердің білімін нақтылау үшін оған мамандықтың аясында кез келген сұрақтар қойылуы мүмкін.

9.13. Сұхбаттасу аяқталғаннан кейін сұхбаттасу хаттамалары және жауап парақтары қабылдау комиссиясының жауапты хатшысына тапсырылады.

10 КЕЛІСУ, САҚТАУ ЖӘНЕ ТАРАТУ

10.1. Осы университет ережесін талқылау және келісу Басқару Кеңесінің отырысында жүзеге асырылады және хаттамамен рәсімделеді.

10.2. Осы университет ережесінің жұмыс данасын сақтау, тираждау және қолданушыларға жіберу жауапкершілігі қабылдау комиссиясына жүктеледі. Осы университет ережесінің жұмыс нұсқалары келесі адресстер бойынша жіберіледі: Академиялық департаментке, Кәсіби бағдар бөліміне, факультет декандары, кафедра меңгерушілері.

10.3. Осы университет ережесінің бақылау данасын АРО-ға сақтауға беріледі.

Оқу-әдістемелік ісі бойынша вице-президент



Н.Т.Ажиханов

Аккредитация және рейтинг орталығының басшысы



Ж.Дарибаев

Құқық бөлімінің басшысы



А.А.Абсеметов

Қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы



Е.М.Төлегенов

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-068-2018
Сапа менеджмент жүйесі	Университет ережесі	
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетіне студенттерді қабылдау ережесі		14 беттің 9 – ші беті

Қосымша-1

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Оқу түрі бойынша мамандықтар тізбесі

№	Шифр	Мамандықтар	Күндізгі оқу түрі 4 жылдық	Сырттай оқу түрі бойынша	
				Қысқартылған оқу түрі 3 жылдық	Жеделдетілген оқу түрі 2 жылдық
1.	5B010100	Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу	+	+	+
2.	5B010200	Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі	+	+	+
3.	5B010300	Педагогика және психология	+	+	+
4.	5B010400	Бастапқы әскери дайындық	+	+	+
5.	5B010600	Музыкалық білім	+		
6.	5B010700	Бейнелеу өнері және сызу	+		
7.	5B010800	Денешынықтыру және спорт	+	+	+
8.	5B010900	Математика	+	+	+
9.	5B011000	Физика	+	+	+
10.	5B011100	Информатика	+	+	+
11.	5B011200	Химия	+	+	+
12.	5B011300	Биология	+	+	+
13.	5B011400	Тарих	+		
14.	5B011600	География	+	+	+
15.	5B011700	Қазақ тілі мен әдебиеті	+	+	+
16.	5B011800	Орыс тілі мен әдебиеті	+	+	+
17.	5B011900	Шетел тілі: екі шетел тілі (ағылшын және түрік тілдері)	+		
	5B011900	Шетел тілі: екі шетел тілі (ағылшын және қытай тілдері)	+		
18.	5B012000	Кәсіптік оқыту	+	+	+
19.	5B020100	Философия	+		
20.	5B020200	Халықаралық қатынастар	+	+	+
21.	5B020300	Тарих	+		
22.	5B020500	Филология	+		
23.	5B020600	Дінтану	+	+	+
24.	5B020700	Аударма ісі: ағылшын тілі	+		
25.	5B020800	Археология және этнология	+		
26.	5B021000	Шетел филологиясы: ағылшын тілі	+		
	5B021000	Шетел филологиясы: қытай тілі	+		
	5B021000	Шетел филологиясы: түрік тілі	+		
27.	5B021100	Теология	+	+	+
28.	5B030100	Құқықтану	+	+	+
29.	5B040300	Вокалдық өнер	+		
30.	5B040400	Дәстүрлі музыка өнер	+		
31.	5B040700	Актерлік өнер	+		
32.	5B040900	Хореография	+		

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-068-2018
Сапа менеджмент жүйесі	Университет ережесі	
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетіне студенттерді қабылдау ережесі		14 беттің 10 – ші беті

33.	5B041700	Сән өнері	+		
34.	5B042100	Дизайн	+		
35.	5B050100	Әлеуметтану	+		
36.	5B050400	Журналистика	+	+	+
37.	5B050600	Экономика	+	+	+
38.	5B050700	Менеджмент	+	+	+
39.	5B050800	Есеп және аудит	+	+	+
40.	5B050900	Қаржы	+	+	+
41.	5B051000	Мемлекеттік және жергілікті басқару	+	+	+
42.	5B060100	Математика	+		
43.	5B060200	Информатика	+		
44.	5B060400	Физика	+		
45.	5B060700	Биология	+		
46.	5B060800	Экология	+	+	+
47.	5B070200	Автоматтандыру және басқару	+		
48.	5B070300	Ақпараттық жүйелер	+	+	+
49.	5B070400	Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету	+		
50.	5B071800	Электр энергетикасы	+	+	+
51.	5B073100	Қоршаған ортаны қорғау және өмір тіршілігінің қауіпсіздігі	+		
52.	5B090200	Туризм	+	+	+
53.	5B130100	Жалпы медицина	+		
54.	5B130200	Стоматология	+		

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті	УЕ-ХҚТУ-068-2018
Сапа менеджмент жүйесі	Университет ережесі
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетіне студенттерді қабылдау ережесі	14 беттің 11 – ші беті

Қосымша-2

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

СҰХБАТТАСУ ЕМТИХАН ХАТТАМАСЫ N _____

« ____ » _____ 2018ж.

Түркістан қ.

факультетінің комиссиясы:

Төраға: _____

Комиссия мүшелері: (аты-жөні, лауазымы) _____

Талапкердің аты-жөні _____

Таңдаған мамандығы _____

Талапкерге берілген сұрақтар:

Сұхбаттасу нәтижесі: _____

Комиссия тарағасы(төрайымы): _____

Комиссия мүшелері: _____
